

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)					
Топ/сынып	Мектепалды топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы					
Балалардың жасы	5 жасар балалар				
Педагогтің аты-жөні					
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	19.12 - 23.12.2022				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен	Жаңа жыл мерекесіне байланысты болатын ертеңгілік, мерекелік кештер туралы ата-аналарға ақпарат беру.				

әңгімелесу, кеңес беру					
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Өсімдіктерді құнарландыру". Мақсат-міндеттері. Балаларға өсімдіктердің қоректік заттарды топырақтан алатынын, біртіндеп топырақтың құнары таусылатындығын түсіндіру. Балалардың біліміне сүйеніп, өсімдіктердің топырағын құнарландыру қажеттілігі туралы айту, нақты іс-әрекетпен көрсету. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)	"Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезенің ернек тайқтайын дымқыл шүберекпен сүртеміз". Мақсат-міндеттері. Балаларды сумен жұмыс кезінде келесі ережелерді сақтауға үйрету: жеңді түру, шүберекті сулау және құрғатып сығу, ластанған кезде оны сумен шаю. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)	"Біз орындықтарды орнына орналастырамыз". Мақсат-міндеттері. Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы жылдам, мұқият орындау. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)	"Кітап бұрышындағы еңбек". (кітаптарды қалпына келтіру). Мақсат-міндеттері. Балаларға жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдауды, оларды мұқият желімдеуге үйрету (желім мен қайшыны дұрыс пайдалану, майлықтарды пайдалану). Кітаптарға ұқыпты қарауға, жұмыс істеуге, тәртіпті сақтауға тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)	"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз". Мақсат-міндеттері. Балалардың өз төсегіне күтім жасау бойынша біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)
	"Шатаспай есте сақта" үстел үсті ойыны.	«Дөңгелек, үшбұрыш және шаршыға ұқсайтын	"Пазл" Мақсат-міндеттері. Қолдың ұсақ	"Геометриялық пішіндерден аспалы көпір	"Жол белгілерін қою" дидактикалық

	Барысы. Әр баланың алдына әртүрлі заттар бейнеленген 10-15 карточка қойылады (алма, троллейбус, шәйнек, ұшақ, қалам, машина, ат, әтеш т.б.). Педагог: - Қазір мен сендерге бірнеше сөздерді атаймын. Алдындағы суреттерге қарап, мен айтқан сөзді есте сақтауға көмектесетін бір затты таңдап ал да, оны бөлек жерге қой, - деп нұсқау береді. Бірінші сөз оқылады. Балалар алдарындағы суреттен таңдаған соң, екінші сөз және ары қарай осылайша оқылады. Бала педагог айтқан сөзді	заттарды тап» дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Пішіндерді қайталау, түстерді қабылдауын және қолдың ұсақ моторикасын дамыту. (танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)	моторикасын және кимылдарды үйлестіруді, тапсырманы жан-жақты қырынан көру қабілетін, логиканы дамытады; міндеттерді стратегиялық шешу дағдысын қалыптастырады; табандылық пен дәлдікті, қиялды, зейін мен есте сақтау қабілетін дамытады; өз бетінше шешім қабылдауға үйретеді. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)	кұрастырамыз" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың қиялын, шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту. Барысы. Педагог геометриялық пішіндерді қолдана отырып, балаларға әртүрлі көліктерді құрастыруды ұсынады. (танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)	ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың жол жүру ережелері туралы білімдерін тиянақтау, жол белгілерін айыра білуге үйрету. Балаларды мейірімділікке, байқағыштыққа тәрбиелеу. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)
--	--	---	--	--	--

	қайталап, өз заттарының ішінен байланыстыратын суретті алып, есінде сақтауы қажет. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)				
Таңертеңгі жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (таяқшалармен) 1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, таяқша төменде. 1 - таяқшаларын жоғары көтереді; 2 - бастарына қояды; 3 - таяқшаны жоғары көтереді; 4 - бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша төменде. 1 - таяқшаларын жоғары көтереді; 2 - қолын түзу ұстап, оң жаққа иіледі; 3 - таяқшаны жоғары көтеріп, тіктеледі; 4 - бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, таяқша төменде. 1 - 2 - отырып, таяқшаларын жоғары көтереді; 3 - 4 - бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып: дене тік, таяқшаны артқа ұстайды. 1 - 2 - таяқшаны жоғары көтеру; 3 - 4 - бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады). 5. Бастапқы қалып: жерде отырады, аяқ алшақ, таяқшалар бас жағында. 1 - таяқшаларын жоғары көтереді; 2 - иіліп, таяқты оң аяғының басына тигізеді; 3 - тіктеліп, таяқты жоғары көтеру; 4 - бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады). 6. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, таяқша төменде. 1 - таяқты жоғары ұстап, аяқты алшақ ұстап, секіру; 2 - бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады). 7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, қолды бүгіп, таяқшаны көкірек тұсында ұстау.				

	1 - таяқты жоғары ұстап, аяғын оң жаққа аяқтың ұшымен қою; 2 - бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады). (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер: тамақтану кезінде мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: ас құралдарын дұрыс пайдалану (ас қасық және шай қасық, шанышқы); майлықты ұқыпты пайдалану мүмкіндігі; нанды ұсатпау, ауызды жауып, тамақты шайнау, тамақтану кезінде сөйлеспеу; сыпайы болуды үйрету (тамақ үшін алғыс айту, тазалық пен ұқыптылық қажеттілігі.) Көркем сөз Дос бол сабын, сумен сен, Жиі-жиі жуын сен, Таңертен де кешке де, Жуын күндіз-кешке де, Жуын күндіз-түсте де, Жуын тамақ алдында, Жуын тамақ соңында, Жуын ұйықтар кезінде, Жуын тұрған мезгілде. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты	Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты	Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты	Балаларда эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты	Зейінді дамытуға арналған жаттығу. "Үздіксіз ізде" (іздеу) 10-15 секунд бойы балаға айналасынан түсі (өлшемі, пішіні, материалы және тағы басқа) бірдей

	қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Қуанамын мен де, Қуанасың сен де, Қуанайық достарым! Арайлап атқан күнге! (қарым-қатынас іс-әрекеті)	қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Бақыт толы шеңберге, Шаттық толы шеңберге, Қол ұстасып келдік біз, Жан достармыз енді біз. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Қуанамын мен де, Қуанасың сен де, Қуанайық достарым! Арайлап атқан күнге! (қарым-қатынас іс-әрекеті)	қалыптастыру; балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Достарымның барлығын, Сыйлап, жақсы көремін. Алақаным арқылы Жылуымды беремін. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	мейлінше көп зат табуды ұсыну. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Сауат ашу негіздері "[і] дыбысы және Іі әрпін қайталау". Мақсат-міндеттер: [і] дыбысы мен әрпін таныту; Іі әрпі және і әрпі бар сөздерді оқу. Қазақ тілі "Алдар Көсенің сиқырлы шапаны"	Сауат ашу негіздері "[к] дыбысы және Кк әрпі". Мақсат-міндеттер: [к] дыбысы мен әрпін таныстыру, сөздерге дыбыстық талдау жасауды үйрету. Математика негіздері	Математика негіздері "Сыйлықтар әзірлейік" пысықтау Мақсат-міндеттер: балалардың бірден сегізге дейінгі сандардың және олардың құрамы жөніндегі түсініктерін	Математика негіздері Саны он екі айлар тізбегі Мақсат-міндеттер: балаларды жылдың он екі ай тізбегімен таныстыру, әрбір жыл мезгіліне үш ай, жиыны он екі ай болатынын сызбалы	Сауат ашу негіздері "[к] дыбысы және Кк әрпін қайталау". Мақсат-міндеттер: [к] дыбысымен таныстыру. К дыбысына тіл ұстарта отырып сөз құрату, буын ішінде бекіту, дыбыстық талдау жасату.

	ертегісінің желісі бойынша әңгімелеу. Ерекше жұмбақтар. Мақсат-міндеттер. Балалардың ұғымындағы қысқы мерекелер туралы білімдерін кеңейту; «Алдар көсенің сиқырлы шапаны» ертегісінің мазмұнымен таныстыру; жаңа жылдық мереке туралы ұғымды дамыту; зат есім мен сын есімді білдіретін сөздер туралы түсініктерін қалыптастыру; еңбексүйгіштік, адалдық, мейірімділік туралы түсініктерін дамыту; балаларды қазақ тілінде ертегі тыңдауды, ертегінің мазмұнын еске	Сыйлықтар әзірлейік. Мақсат-міндеттер: балалардың бірден сегізге дейінгі сандардың және олардың құрамы жөніндегі түсініктерін тиянақтау; заттарды сипап- сезу арқылы анықтауға жаттықтыру. Музыка "Щелкунчик" балеті. Мақсат-міндеттер: балалардың әнді көтеріңкі көңіл-күйде эмоционалды орындай білуге, музыкадағы контрастық бөлімдерді ажыратып, биді әуеннің сипатына, ырғағына сай орындай білу қабілеттерін	тиянақтау; заттарды сипап- сезу арқылы анықтауға жаттықтыруды пысықтау. Қазақ тілі «Сиқырлы дыбыстар мен әріптер әлеміне саяхат» (Өткен тақырыптарты қорытындылау) Мақсат-міндеттер. Балалардың тілдік, дыбыстық мәдениетін дамыту және тәрбиелеу; дауысты және артикуляциясы бойынша жеңіл дауыссыз дыбыстарды анық айтуға дағдыландыру; дыбыстарды дұрыс айтқызып фонематикалық	түрде көрсетіп, реттілігін атап, жыл мезгілдерін бағдарлау амалдары туралы білімдерін жетілдіру. Сөйлеуді дамыту "Жаңа жыл - менің сүйікті мерекем!" пысықтау Мақсат-міндеттер: жаңа жыл мерекесі туралы білімдерін артырып, "Жаңа жыл - менің сүйікті мерекем" атты әңгімені оқып беру арқылы балалардың ойларын дамытуды пысықтау. Музыка "Аппақ әлем" Мақсат-міндеттер: балаларды аппақ қыс әлемі туралы әннің сипатын түсіне	Сурет салу Аяздың қырау оюлары Мақсат-міндеттер: балаларға қылқалам түгінің ұшымен шаршы немесе тіктөртбұрыш пішініне жіңішке немесе жуан келген, иректелген, бұрмаланған, нүктеленген ою элементтерін салу техникасын игерту; монотипия техникасын ұштау. Дене шынықтыру 5 метр қашықтықтан допты жерге соғу Мақсат-міндеттер: балаларды 5 метр қашықтыққа алға жылжи отырып, оң және сол қолмен кезек-кезек допты
--	--	---	--	---	---

	сақтауды, кейіпкерлердің есімдерін еске сақтауды, сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру; достыққа, мейірімділікке, еңбекқорлыққа, ертегілерге сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Дене шынықтыру Биікке секіріп шығу Мақсат-міндеттер: балаларды алға қарай жылжып, қос қолмен допты лақтырып, қайта қағып алу (арақашықтығы 4–5 м); 20 см дейінгі биіктіктікке секіру; сап түзеуден үш қатармен қайта тұру; оңға, солға бұрылу дағдыларын дамытуды	жетілдіру. Сөйлеуді дамыту "Жаңа жыл - менің сүйікті мерекем!" Мақсат-міндеттер: жаңа жыл мерекесі туралы білімдерін артырып, "Жаңа жыл - менің сүйікті мерекем" атты әңгімені оқып беру арқылы балалардың ойларын дамыту.	естуді, яғни, дыбыстарды айыру, сөйлеу кезіндегі тыныс алу, сөйлеу қарқыны, дауыстың биіктігі мен қаттылығы, дикцияны айыра алу қабілетін дамыту; сөз, сөйлем, буын туралы білімдерін бекіту, оларды жеке талдап жұмысын дәлелдеп көрсету; өткен тақырыптарды қайталау, бекіту; балалардың ой-өрісін, сөздік қорын, тіл байлығын дамыту; топпен жұмыс істеуге, ұғымталдыққа, әдептілікке тәрбиелеу. Дене шынықтыру Биікке секіріп шығуды пысықтау	білуге үйрету. Қоршаған ортамен таныстыру Көрікті шырша Мақсат-міндеттер: қыс мезгіліндегі мерекелер жайлы білімдерін кеңейту; шырша туралы білімдерін толықтыру, табиғатта өзін ұстаудың қарапайым ережесін қалыптастыру.	жерге соғуға үйрету. Көркем әдебиет "Кел, жаттайық. А. Асылбеков «Жаңа жыл»" пысықтау Мақсат-міндеттер: балаларға қыс мезгілінің ерекшелігін түсіндіріп, қысқы ойын түрлерін, қандай қыс мерекелі болатынын үйретуді пысықтау.
--	--	---	--	---	---

	жалғастыру. Қоршаған ортамен таныстыру Шырша неге жасыл? Мақсат-міндеттер: балаларды заттардан аттап аяқ ұшымен жүру; оң және сол аяғын кезектестіріп секіру; кедергілер арасынан және қолды еденге тигізбей доға астынан еңбектеуге үйрету.		Мақсат-міндеттер: балаларды алға қарай жылжып, қос қолмен допты лақтырып, қайта қағып алу (арақашықтығы 4–5 м); 20 см дейінгі биіктіктікке секіру; сап түзеуден үш қатармен қайта тұру; оңға, солға бұрылу дағдыларын дамытуды жалғастыруды пысықтау. Көркем әдебиет Кел, жаттайық. А. Асылбеков «Жаңа жыл» Мақсат-міндеттер: балаларға қыс мезгілінің ерекшелігін түсіндіріп, қысқы ойын түрлерін, қандай қыс мерекелі болатынын үйрету.		
--	---	--	--	--	--

2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)				
Серуенге дайындық	Балаларды киінудің ретімен таныстыру қажет; жылдың кез келген уақытында киім мен аяқ киім қазіргі уақытта ауа-райына сәйкес болуы керек және балалардың бастарына күн өтпеуіне немесе жеңіл бас киімдер кию. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Қоғамдық көлікті бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Қоғамдық көліктер туралы білімдерін бекіту, жол ережелерін білу; технологияға және ересектердің жұмысына қызығушылықты қалыптастыру. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: құмсалғыштағы	Желді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Жансыз табиғат туралы білімдерін кеңейту және тереңдету; табиғат құбылыстарына қызығушылығын қалыптастыру. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: төбешіктерді құрастыру. Мақсат-міндеттері. Бір-біріне деген	Ауа райын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Маусымдық құбылыс - көктайғақ туралы түсінік қалыптастыруды жалғастыру; бақылау дағдыларын дамыту. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: жолдағы қарды тазарту. Мақсат-міндеттері. Еңбексүйгіштікке	Желді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Желдің бағытын анықтау. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: қардан құрылыстар жасау. Мақсат-міндеттері. Педагогке қардан құрылыс жасауға көмектесуге үйрету; достық қарым-қатынасты дамыту. Қимыл-қозғалыс	Құстарды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балалардың қыстайтын құстарға қамқорлық жасауға құштарлығын қалыптастыру (құсты тану, оның денесінің бөліктерін атау). Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: құстарға арналған қар асханасының құрылысы. Мақсат-міндеттері.

	құмды қазып алу. Мақсат-міндеттері. Тапсырмаларды орындау кезінде жұмысқа деген оң көзқарасты, жауапкершілікті тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Түрлі-түсті көліктер". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Белгі бойынша әрекет етуді үйрету. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар: қозғалыстарды дамыту. Мақсат-міндеттері. 20 см биіктіктен секіру дағдыларын бекіту.	достық қатынасты тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Кім мерген?", "Ағаштың суретін сал". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Заттарды лақтыруға арналған жаттығулар; көзбен мөлшерлеуді дамыту; әртүрлі ағаштардың қарға бейнелеу қабілетін бекіту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар: "Затты тап". Мақсат-міндеттері. Балабақша ауласында кеңістікті бағдарлай алуды бекіту.	тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қақпан", "Жануарлар". Мақсат-міндеттері. Ережелерді қатаң сақтай отырып, оңай секіруді, ойнауды үйрету. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту.	ойындары: "Бос орын". Мақсат-міндеттері. Шапшаңдықты, ептілікті дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту.	Бірлесіп, тату жұмыс істеуге, жолдасына көмекке келуге үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Ит пен торғайлар". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Әртүрлі бағытта жүгіруді, кеңістікті шарлауды үйретуді жалғастыру. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту, жылдам жүгіру қабілетін бекіту; лақтырудың ептілігі мен күшін дамыту.
Серуеннен оралу	Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу				

	қабілеттерін жетілдіру. Жеңдерін түріп, қолдарын сабындап, суды жан-жаққа төкпей, тазарғанша жуа білу дағдысын дамыту. Айнаның алдында беті мен үстін бақылап, шашын тарап, асқа толық қанды дайын түрінде келуге машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер: тамақтану кезінде мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: ас құралдарын дұрыс пайдалану (ас қасық және шай қасық, шанышқы); майлықты ұқыпты пайдалану мүмкіндігі; нанды ұсатпау, ауызды жауып, тамақты шайнау, тамақтану кезінде сөйлеспеу; сыпайы болуды үйрету (тамақ үшін алғыс айту, тазалық пен ұқыптылық қажеттілігі.) Көркем сөз Дос бол сабын, сумен сен, Жии-жиі жуын сен, Таңертен де кешке де, Жуын күндіз-кешке де, Жуын күндіз-түсте де, Жуын тамақ алдында, Жуын тамақ соңында, Жуын ұйықтар кезінде, Жуын тұрған мезгілде. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу.
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. "Сылдыр, сылдыр, сылдыр су" ойын жаттығулары. (дене шынықтыру)

Бесін ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер: тамақтану кезінде мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: ас құралдарын дұрыс пайдалану (ас қасық және шай қасық, шанышқы); майлықты ұқыпты пайдалану мүмкіндігі; нанды ұсатпау, ауызды жауып, тамақты шайнау, тамақтану кезінде сөйлеспеу; сыпайы болуды үйрету (тамақ үшін алғыс айту, тазалық пен ұқыптылық қажеттілігі.) Көркем сөз Дос бол сабын, сумен сен, Жиі-жиі жуын сен, Таңертен де кешке де, Жуын күндіз-кешке де, Жуын күндіз-түсте де, Жуын тамақ алдында, Жуын тамақ соңында, Жуын ұйықтар кезінде, Жуын тұрған мезгілде. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Дидактикалық ойын. "Бұл қай мезгілде болады?" Мақсат-міндеттері. Балалардың мезгіл құбылыстары жөнінде білімдерін тиянақтау; ойлау, есте сақтау, зейін, байланыстыра сөйлеу	Дидактикалық ойын. "Не артық?" Мақсат-міндеттері. Балалардың жемістер мен көгөністер жайындағы білімдерін пысықтау; жемістер мен көгөністерді сақтау ережелерін игерту;	Дамытушы ойын. "Жылы сөздер қобдишасы". Мақсат-міндеттері. Балаларды адамға, ауа райы, құбылыс, мезгіл, зат, жан-жануар жайында жылы, сыпайы сөздерді айтуға ынталандыру;	Дамытушы ойын. "Суретшінің қатесін тап". Мақсат-міндеттері. Балалардың заттар, жан-жануарлар, құбылыстар жөніндегі ұғымдарын пысықтау; табиғатына сәйкес емес белгілерді	Дидактикалық ойын. "Адасқан сандар". Мақсат-міндеттері. Балалардың сандар тізбегі жайындағы білімдерін нығайту; реттік сандарды пысықтау; сандар тізбегінде аталған санның көршілерін

қабілеттерін дамыту. Шарты. Педагог балаларға кез келген жыл мезгіліне тән құбылысты сипаттайды, балалар құбылыстың атауын, жыл мезгілін табуға міндетті. Балаларды жауаптарын тек бір сөзбен ғана емес, құбылыстың не себептен болғанын түсіндіруге талпындыру қажет. (қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) Сюжетті-рөлдік ойын. "Киім тігу шеберханасы". Мақсат-міндеттері.	ойлау, елестету, зейін қабілеттерін дамыту; жағымда қарым-қатынастарды құруға ынталандыру. Шарты. Жүргізуші бір топтамаға қатысты және оған жатпайтын заттарды атайды (көрсетеді), ойыншылар артық затты атау керек. (қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) Сюжетті-рөлдік ойын. "Жемістер мен көгөністер" дүкені. Мақсат-міндеттері. Балалардың "Жемістер мен көгөністер" дүкені жөніндегі ұғымдарын	жағымды эмоциялар сферасын дамыту; сөздік қорды байыту; сыпайылыққа, оптимизм сезіміне тәрбиелеу. Құралдар. Адам, ауа райы, тәуілік, жыл мезгілі құбылысы, зат, жан-жануар салынған суреттер. Балалардың жауаптары мынадай болуы мүмкін: "Әкеміз айбарлы, адал, еңбекқор адам", "Күн жаңбырлы болса да, біздің қолымызда шатыр бар", "Күніміз қандай жарқын, аспанымыз ашық, бүкіл жер күннің жылы нұрына толды". (қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық	байқап, құрылымында немесе сипатында не дұрыс еместігін атауға жаттықтыру; қоршаған әлем заңдылықтарына деген қызығушылықтарды арттыру, зияткерлікке тәрбиелеу. Құралдар. Сыртқы сипатында, құрылымында сәйкессіздіктері бар объектілер мен құбылыстар салынған суреттер. Балалардың жауаптары мынадай болуы мүмкін: "Қасқырдың жүні жасыл емес, сұр болады", "Қоянның құлағы тышқанның құлағындай кішкентай емес, ұзын	немесе тізбектегі кез келген санның арысында жасырынған санды тауып атауға жаттықтыру; зейінді, ойлау, елестету қабілеттерін дамыту; шапшаңдыққа, зеректікке тәрбиелеу. (қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) Сюжетті-рөлдік ойын. "Цирк". Мақсат-міндеттері. Балалардың түсінігінде циркте қызмет ететін өнерпаздар (сайқымазақ, гимнаст, сиқыршы, жонглер, жануарларды
--	---	---	--	---

	Балалардың түсінігінде киім тігу шеберханасы ұғымын бекіту; ойын барысында дизайнер, киім үлгісін пішуші маманы, тігінші, тоқымашы, үтіктеуші сияқты мамандықтардың киім тігу шеберханасында қандай орын алатыны туралы түсініктерін тиянақтау; ойын барысында рөлдерді игерту; эстетикалық талғамды, ойлау қабілетін; төзімділікке, еңбексүйгіштікке, адамның еңбегін қадірлеу қабілетіне тәрбиелеу. Құралдар. Ілмектер, ойыншық тігін машинасы,	тиянақтау; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; достық қарым-қатынасқа, қоғамдық тәртіп ережелеріне тәрбиелеу. Құралдар. Сөрелер, жемістер мен көгөністердің нақпіншілері, түрлі пішінді себеттер, ойыншық смартфондар, төлем карточкалары, сөмкелер, қаражат қағаздары. Шарты. Педагог дайындық жұмысы ретінде балалармен дүкенге саяхатты ұйымдастыруы мүмкін. Балалар дүкеннің суретін, бейнежазбаны көрсетіп, "тауар"	іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) Сюжетті-рөлдік ойын. "Сұлулық салоны". Мақсат-міндеттері. Балалардың сұлулық салоны қызметкерлері (шаштараз, маникюр, педикюр шебері, бет әрлеуші) мамандықтары жайында ұғымдарын тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, сыпайылыққа тәрбиелеу. Құралдар. Шаштараз, маникюр, педикюр шебері, бет әрлеуші сияқты мамандар қолданатын ойыншық құралдар және модельдері	болады", "Күндіз аспанда жұлдыздар көрінбейді", "Бұлақ төменнен жоғары қарай емес, жоғарыдан төмен ағады", "Бәйшешек күзде емес, көктемде шығады", "Аққала көктемде аулада тұра алмайды, еріп кетеді", "Ит ағаштағы ұяда емес, аулада, ағаш үйшікте тұрады", "Жазда өзен мұз бола алмайды, себебі күн ыстық", "Түлкінің құйрығы қоянның қысқа құйрығы сияқты емес, қалың, сарғыш болады", т.б.. (қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)	жаттықтырушы) жөнінде ұғымдарды қалыптастыру; цирк өнерпаздарының жұмысын түсіндіру; еңбекқорлыққа, төзімділікке, сыпайылыққа, салауатты өмір салтына тәрбиелеу. Құралдар. Циркте қызмет ететін артистерге қажет ойыншық құралдар, модельдер (доптар, ойыншық жануарлар, бас киімдер, таяқшалар, спорттық киім үлгілері, гимнастикалық ұршық, костюмдер). Шарты. Педагог алдымен балалармен бірлесіп цирктің (суреті) қандай орын екенін, бұнда қандай өнерпаздар жұмыс
--	--	---	--	--	--

ойыншық қайшы, ойыншық үтік, жіптер, мата үлгілері, бор, сызғыш, қарындаш, сәнді киімдердің суреттері басылған журналдар, киім үлгілерінің сызбалары. Шарты. Педагог балалармен бірлесіп, киім тігу шеберханасы туралы суреттерді қарайды, бұнда қызмет ететін мамандардың еңбегі жайында әңгімелеседі; түрлі сән журналдарын, сәнді киімдерді көрсету туралы бейнежазбаларды көреді, бәрін зерттейді. Балалар дизайнер, киім үлгісін пішуші маман, тігінші, тоқымашы, үтіктеуші	сөзінің мағынасын, жемістер мен көгөністерді сақтау үшін түрлі ережелерді ұстану керектігі жайлы түсіндіреді. Сатушы өз қалауы (немесе санамақ) бойынша тағайындалады, сатып алушылар қолдарына қажетті құралдарды алып (карточка, қаражат, смартфон), ойын барысында қолданады. Сатушы тауарларды сөрелерге орналастырады, бағаларын анықтап, сатып алушыларға тауардың ұтымды жақтарын айтып, оны сатады. Педагог диалогтарда әдептілік	(қатпа қағаздан, пластиктен жасалған); перчаткалар, халаттар, бас киімдер мен алжапқыштар; журналдар; төлемді қамтамасыз ететін карточкалар мен қаражаттың орнына қолданатын таңбалауыштар. Шарты. Педагог ойын алдында балалармен сұлулық салонынды қызмет ететін шаштараз, маникюр, педикюр шебері, бет әрлеуші жайында әңгімелесіп, суретімен танысады дәріханада қызмет ететін мамандар жөнінде әңгімелеседі. Балалар сұлулық салонында қандай маман қандай	Сюжетті-рөлдік ойын. "Ойыншықтар" дүкені". Мақсат-міндеттері. Балалардың "Ойыншықтар" дүкені жөніндегі ұғымдарын тиянақтау; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға тәрбиелеу. Құралдар. Сөрелер, ойыншықтар, ойыншық смартфондар, төлем карточкалары, сөмкелер, қаражат қағаздары. Шарты. Сатушы өз қалауы бойынша тағайындалады,	істейтіні туралы әңгімелеседі; әрбір артист маман қандай құралдарды пайдаланатыны, олардың еңбегінің қаншалықты қиын екенін түсіндіреді. Балалар циркте қызмет ететін өнерпаздар: сайқымазақ, гимнаст, сиқыршы, жонглер, жануарларларды жаттықтырушы болып бөлініп, топтасып, белгілі жаттығулар жасайды. Педагог цирк қойылымы жайында жариялап, қалған балаларды орындықтарға шақырады. Әрбір өнерпаздың шығуын аса құрметпен жариялап, оған көрермендер
--	---	---	---	--

	сияқты мамандарға бөлінеді, қолдарына қажетті жабдықтар алып, орындарына отырады. Қалған балалар тұтынушылар болып, сән журналынан өздеріне киім үлгісін, тігіншімен бірге мата үлгісін таңдайды. Алғашында педагог ойын барысын белгілі фразалармен сүйемелдеп отырады, ойыншыларға қосымша, әрекеттерін анықтайтын сұрақтар қояды, өзі журналист ретінде ойынға қатысып жүреді. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: адамның әдемі киімді киім жүруі үшін көптеген	ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды. Ойынның соңында қорытынды жасауға болады: тауарларды жақсы күтсе, сақтаса, олар бұзылмайды, сапасы сақталып, жақсы сатылады; дүкендерде сатушы мен сатып алушы сыпайы сөздерді қолданып, әдептілік ережелерін ұстанулары тиіс; сатушының еңбегін және сатып алушының таңдауын құрметтеу керек. (қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу	құралдарды қолданатынын түсіндіреді. Балалар сұлулық салонында қызмет ететін мамандарды таңдайды немесе санамақты қолданады; мамандар өздеріне қажет киім және құралдарды алып, орындарына барады; балалардың қалғаны тұтынушылар болады. Педагог мамандарға өз орындарын дайындап отыру жайында, ал тұтынушылар өз мұқтажын дұрыс сөзбен немесе журнал бетін көрсету арқылы білдіретінін айтады. Алғашында педагог диалогтарды реттеп	сатып алушылар қолдарына қажетті құралдарды алып (карточка, қаражат, смартфон) ойыншықтардың бірін таңдап, өз қалауларын айтып жатады. Сатушы ойыншықтарды сөрелерге орналастырып, бағаларын анықтайды, сатып алушыларға тауардың ұтымды жақтарын айтып, оны "сатады". Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды. (қарым-қатынас іс-	тарапынан қолдау және қошемет көрсетуді сұрайды. Балаларға қойылым соңында өнерпаздар көрермендерге иіліп құрмет көрсететіні, ал көрермендер оларды мақтап, қошемет білдіретінін айту керек. Педагог ойын барысын өзі реттеп жатады, балалардың әрекеттерін белсенді ету үшін, қосымша сұрақтар қояды. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: цирк қойылымының әдемі және қызықты болуы, өнерпаздардың шеберлігі мен тынымсыз еңбегінің арқасында болады. (қарым-қатынас іс-
--	---	--	--	---	---

	мамандар еңбек етеді, еңбекті қадірлеу керек; ал еңбекте өте төзімді және шебер болу қажет. (қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)	іс-әрекеті)	жатады, сұрақтарды тиянақты түрде қоюға жаттықтырады. (қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)	әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)	әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)
Балалармен жеке жұмыс	Бала тілін дамыту. Тақпақтар айтқызу. "Шырша" (Әдібай Табылдиев) Қызық-думан күн келді, Жасыл шырша түрленді. Аяз сүйіп, терледі, Үйге кірді төрледі. Сылдырайды моншағы, Шыршамыздың мол шамы. Бізбен бірге жайдары	Бала тілін дамыту. Тақпақтар айтқызу. "Күміс қар" (Әли Ысқабаев) Қырларды жапты күміс қар, Далада жаңа тыныс бар. Бұталар жалт-жұлт етеді Кәдімгі бейне хрусталь. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	Бала тілін дамыту. Тақпақтар айтқызу. "Жаңа жыл" (Хамит Ерғалиев) Жаңа жыл! Жаңа жыл! Не әкелдің сен бізге? Бау-бақшаң толған гүл, Төлдерің семіз бе? Бауырсақ, балмұздақ, Концертке. .. молсың ба? Бізді алға барғызбақ, Сен жаңа жылсың	Бала тілін дамыту. Тақпақтар айтқызу. "Қыс" (Ізтай Мәмбетов) Жаңа айлардың жаңа қары Жапалақтап жауады. Жайлы бір леп таралады, Жаңғыртады ауаны. Ұйқыдағы баладайын, Баладайын пәк жүрек. Ұйып қапты қырда	Бала тілін дамыту. Тақпақтар айтқызу. "Жаңа жыл" (Хамит Ерғалиев) жалғастыру. Жаңадан көп түрлі Машина бергейсің, Жаңадан көк сырлы Үйлерге кіргейсің. Жаңа жыл! Жаңа жыл! Жаңалық ізде сен! Жаңа ән, жаңа жыр Жазып бер бізге сен! (қарым-қатынас іс-

	Жарқырады, жайнады. Арайланды шыршамыз, Айналамыз баршамыз! (қарым-қатынас іс- әрекеті)		ба? (қарым-қатынас іс- әрекеті)	қайың, Киім киіп ақ жібек. (қарым-қатынас іс- әрекеті)	әрекеті)
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бөтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дандылар, дербес әрекет)				
Серуен	Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігімен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тағамды ішу рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуге, әдепті бала болуды үйренеміз". (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу кимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық. (музыка) Өнер бұрышында жаңа жыл тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. (шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті) Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. (танымдық іс-әрекет, зерттеушілік іс-әрекет) Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)				

	әрекеті)				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Кеңес: "Қыс мезгілінде бала иммунитетін көтеру жолдары".	Кеңес: «Мектепке дейінгі ересек жастағы (5-6жас) балалардың сөйлеу тілінің дамуы».	«Отбасындағы тәрбие ерекшеліктері» кеңес.	Психолог кеңесі. Мысалы: «Көпшілік орындарында ЖРВИ кезінде балалар өздерін қалай ұстау керек?».	Жобаның қорытындысын ата-аналармен бөлісу.